ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

8 қаңтар 2024 жыл №2713-23-00-2/3117 Орал каласы

Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.М.Кадырова
азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап,

ТАЛАП КОЮШЫ:
Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Жәнібек ауданының білім беру бөлімінің «Жәнібек» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Ақтөре Охранное агентство» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Ақтөре Охранное агентство» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Ақтөре Охранное агентство» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Сот шешіміне осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі

өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Батыс Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына берілуі мүмкін.

Судья **Кадырова А.М.**

Құжатқа қол қойылған: Кадырова А. М., 08.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 19.02.2024, судья Кадырова А. М., 22.02.2024

2713-23-3-1/3434